

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 150аа қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 13-қосымшада :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының депутаттары бастамашылық жасайтын заң жобаларын әзірлеу, заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, заң шығарушылық қызмет саласында, зерттеулер жүргізу, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша халықаралық форумдар өткізу";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Заң жобаларын әзірлеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу; заң шығару қызметі практикасы бойынша зерттеу материалдарын дайындау; заң жобаларын әзірлеу мәселелері бойынша ғылыми конференциялау, семинарлар, дөңгелек үстелдер және тұрақты комитеттердің көшпелі отырыстары мен парламенттік тыңдаулар өткізу; заңнамалық ретте проблемалары бойынша әлеуметтік және сараптамалық сауалнамада жүргізу; заңдарды үйлестіру бойынша халықаралық форумдар өткізу";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасайтын заң жобаларын әзірлеуді қамтамасыз ету, заң шығарушылық қызмет саласында зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша халықаралық форумдар өткізуді қамтамасыз ету";

көрсетілген қаулыға 14-1-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"20 тоназытқыш, 40 кір жуу машина, 81 шаң сорғыш, 10 электр плитасы, 60 микротолқынды пеш, 25 керует, 100 ас үй үстелі, 150 орындық, 20 телевизор, 20 компьютер қоятын үстел, 80 киім ілетін шкаф, 20 кітап шкафы, 10 жұмсақ жиһаз жиынтығы, 33 диван, 114 телевизор қоятын тумба, 20 жиналмалы үстел, 89 жартылай жұмсақ орындық, 114 комод сатып алу";

көрсетілген қаулыға 15-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

1-тармақта: "100 компьютер, 100 принтер" деген сөздер "150 компьютер, 150 принтер" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК